

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 421 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 725 Қаулысы

"Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, холдингтерде, ұлттық компанияларда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларда әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 289 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Қазақстан Республикасының делегациясын Әбу-Даби қаласына (Біріккен Араб Әмірліктері) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 наурыздағы N 421 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

Марат Бақытжанұлы Бекетаевты, Мұрат Байсынұлы Байсыновты және Ерлан Тоқтарханұлы Қожағапановты қоспағанда, Қазақстан Республикасының делегация мүшелеріне қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Алматы - Дубай - Астана бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

Марат Бақытжанұлы Бекетаевқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Алматы - Дубай - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға;

Мұрат Байсынұлы Байсыновқа және Ерлан Тоқтарханұлы Қожағапановқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Алматы - Дубай - Әбу-Даби - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін күнгі нарықтық бағамы бойынша белгіленген тәртіппен шетелдік валютада қ а р а ж а т б ө л с і н " .

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*